

Адилет БАРМЕНКУЛОВ:

НАДО РАБОТАТЬ, УЧИТЫВАЯ РИСКИ, И ИДТИ ВПЕРЕД

→6

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№39 (5390)
22 қазан 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА

ЗАМАНАУИ ШАҒҒЫ ЖӘНЕ БИАТЛОН КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ



20 ҚАЗАНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА Өңір жұртшылығымен кездесті. Президент бұл өлкенің экономикалық әлеуеті, инвестициялық тартымдылығы өте жоғары екенін атап өтіп, Жетісу облысында заманауи шаңғы және биатлон кешені салынатынын айтты.

Президенттің айтуынша, ұлт денсаулығын жақсарту үшін балалар спорты мен бұқаралық спортты насихаттау маңызды. «Дені сау ұлт» ұлттық жобасында 2025 жылға қарай денешынықтыру және спортпен айналысатын азаматтарды қамту ісін 50 пайызға жеткізу міндеті қойылған. Жетісу өңірінде бұл көрсеткіш – бүгінде 34 пайыз.

– Көздеген мақсатқа жету үшін спорт инфрақұрылымын дамыту қажет. Мұны, әсіресе, ауылдық жерлерде қолға алған жөн. Ауылдарда модульді денешынықтыру-сауықтыру кешендерін салу керек. Олар тез салынады және көп қаражатты қажет етпейді. Былтыр Талдықорғанда Олимпиада талаптарына сай келетін заманауи бассейн ашылды. Мұндай бассейн Орталық Азияда жоқ. Енді облыста шаңғы спорты түрлерін дамыту мәселесі бар. Жетісу таулары бұл үшін өте қолайлы екені сөзсіз. Осыған байланысты

Үкіметке облыста заманауи шаңғы және биатлон кешенін салу ісін қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы бұрынғы Алматы облысының жер көлемі тіпті үлкен болғанын, жергілікті басқару ісін жетілдіру үшін облысты екіге бөлу туралы шешім қабылданғанын жеткізді. Президенттің айтуынша, бұл – мұқият ойластырылып жасалған қадам және тұрғындар үшін қолайлы екені анық. Қазір Жетісудың әлеуметтік-экономикалық қуатын арттыруға бюджеттен қаржы бөлініп, қолдау көрсетіліп жатыр. Бұл шешім аймаққа инвестиция тартуға, инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Жетісу өңірінің дамуына тың серпін беретін кейбір мәселелерге арнайы тоқталды. Ең алдымен ауыл шаруашылығын дамытуды және азық-түлік өнімдерін өндіруді бірінші мәселе

ретінде атады. Оның айтуынша, табиғаты жайлы, жері құнарлы Жетісу өлкесінің ауыл шаруашылығындағы әлеуеті өте зор.

– Бүгінде Жетісу облысы бойынша 100 мың гектардан астам пайдаланылмай жатқан жер анықталды. Жер – халықтың байлығы. Ол барлық азаматтың игілігіне жарауы керек. Әкімдер бұл мәселені қатаң бақылауда ұстауы қажет. Облыстың суармалы жерлерді игеруге зор мүмкіндігі бар. Бүгінде аймақтағы жер суаратын желілердің 70 пайызы тозып тұр. Оның бәрін жаңғыртып, қалыпқа келтіру керек. Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарында суармалы жердің көлемін 18 мың гектарға ұлғайтуға болады. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі облыс әкімдігімен бірлесіп, осыған орай нақты шаралар қабылдасын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісудың ауыл шаруашылығындағы басым бағыттың бірі – қант қызылшасы екеніне тоқталып, еліміздегі 4 қант зауытының екеуі осы жерде орналасқанын атап өтті. Алайда шикізаттың жоктығынан оның біреуі жұмыс істемей тұр.

→4

ЖҮЛДЕГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

1-11 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ӨЗЕРБАЙЖАНДА 16 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ, ОҒАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ҚАТЫСТЫ.



Жарыс қорытындысы бойынша Сауат Нұрғалиев жеке есепте алтын медаль жеңіп алды, ал Иманғали Ақылбай қола жүлдегер атанды. Жарыс жүлдегерлерімен Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев кездесті.

«Көптеген ірі халықаралық жарыстарда қазақ шахматшылары жеңіс тұғырынан көрініп келе жатқаны қуантады. Жасөспірімдер арасындағы дүниежүзілік шахмат олимпиадасы да соның айқын дәлелі. Бұл жетістік – балалардың, және олардың жаттықтырушылары мен федерацияның ауқымды әрі қажырлы жұмысының нәтижесі. Дәл осындай жеңіс шахматпен айналысуға түрткі болып, жеткіншектерімізді жігерлендіреді», деді Дәурен Абаев.

Айта кетейік, жалпы командалық есепте қазақ спортшылары Үндістан мен Иранның командаларын басып озып, төрттікке кірді.

ҮЛКЕН ДУЛЫҒАДАН ҚОС ҚОЛА МЕДАЛЬ



БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНДЕ ӨТІП ЖАТҚАН ДЗЮДОДАН ҮЛКЕН ДУЛЫҒА КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚОС ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

→3

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ 9 ҚАРАШАДА ШЫҒАДЫ

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

Елдос СМЕТОВ:

ИЫҒЫМ ОСЫ ЖЕРДЕ ҚАЛСА ДА ТАТАМИГЕ ШЫҒАМЫН ДЕП ШЕШТІМ



ТАШКЕНТТЕ ДЗЮДОДАН ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНҒАН ЕЛДОС СМЕТОВКЕ ЕЛДІҢ ЫҚЫЛАСЫ ҚАШАН ДА ЕРЕКШЕ. МҰНЫ ЖАҚСЫ ТҮСІНГЕНДІКТЕН ДЕ ШЫҒАР, ӘРКЕЗ ӨЗІНЕ АРТЫЛҒАН СЕНІМДІ АБЫРОЙМЕН АҚТАП КЕЛЕДІ. ТІПТІ ИЫҒЫН ЖАРАҚАТТАП АЛСА ДА, МЕДАЛЬ ҮШІН КҮРЕСТЕ АЯНЫП ҚАЛМАЙ, КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫНА ЖЕТТІ.

– Елдос, медаль құтты болсын! Көңіл күйіңіз қалай?

– Рахмет, көңіл күй жақсы. Қола болса да алтынмен пара пар деп қабылдап, абыройымызды асқақтатып жатқан халқымызға мың да бір алғыс.

– Жарысқа жаракатпен шыққаныңызды көріп жанкүйерлеріңіз уайымдап қалды. Қолыңызды тексертіңіз бе, қазір қалай?

– МРТ жасаттық. Қазір Алматыда ем қабылдап жүрмін. Бұлшық ет созылған, әйтеуір жыртылмапты. Дәрігерлер бақылауындамын.

– Жарысқа жаракатпен барып едіңіз, әлде сол жерде ауыртып алдыңыз ба?

– Негізі қолымды оқу-жаттығу жиындары кезінде ауыртып алғанмын. Мамандар тексертуге кеңес берген. Өзім бармай қойдым. Көңіл күйге, ұстанымыма кедергісі тиіп кетер дедім.

Жарыс кезінде де барынша ұмытуға тырыстым. Алғашқы екі кездесуде жақсы күрестім, иығыма да зиян келген жоқ. Үшінші белдесудің бірінші минутында шынтаққа құлап, иығымнан қатты зақым алдым. Сол иығым қолымды қимылдатқан сайын ауыра бастады. Амалсыз оң қолмен ғана күресуге тура келді. Ал оң қол тайпейлікке ыңғайлы еді. Оның әдістеріне тосқауыл қоя алмадым.

Қалай десек те тағдырға жазылғаны үшінші орын болып тұр ғой. Әйтпесе бұл қастандық емес, әдейі жасалған дүние емес.

Олимпиада чемпионы, үш дүркін әлем чемпионы Наохиса Такато, мені ұтқан тайпейлік балуандарға қарағанда менің абыройым жоғары болды. Залдағы атмосфера да соған дәлел. Жерлестерімнің қиқулап қолдағаны көзімді желпіндіріп тастады. Шетелдіктер де балуандардың арасында менімен суретке түсіп, ізгі тілектерін айтып жатты.

– Залдағы сізге деген ықылас

экранның бер жағындағы бізге де сезілді. Тіпті өзбекпен белдескенде де сізді қолдаушылар көп болған секілді...

– Жарыс қай елде өтсе, сол елдің жанкүйері басым болатыны анық қой. Бірақ қазақтар да аз болған жоқ. Ташкент жақын болғандықтан ба, бізді қолдауға барған бауырларымыз көп болды. Шыны керек, татамиге шыққанда залда тек қазақтар отқандай көрінді. Жарыс жолына шықпай жатып-ақ атымды айқалап айтып, делебемді қоздырды. «Елдос, алға!» деген сөздері дзюдоға, халқыма деген махаббатымды арттыра түсті. Сол үшін дән ризамын.

– Үшінші орын үшін күресте жергілікті балуанмен белдестіңіз. Осы айқас моральдық тұрғыда қалай өтті?

– Ауыр белдесу болды. Себебі бір қолмен ғана күресуге тура келді. Бапкерім «айқасқа шықпасаң да ренжімейміз, денсаулық маңызды» деп те айтты. Бірақ ренжімейді екен деп татамиге шықпай қоя салуға намысым жібермеді. Халық менің белдесуімді көруге келгенде, мен қалай қолымды сылтауратып алаңға шықпайын?! Иығым осы жерде қалса қалсын, бірақ белдесемін деп тәуекел еттім.

Тағы бір дүние, үйден кетерге ұлыма: «балам, саған медаль әкелемін» деп кеткенмін. Егер құрқол келсем, балам «әке, медалім қайда?» деп сұраса, не деп жауап беремін деп, осы сәттердің бәрін ой елегінен өткіздім. Осы мені қамшылай түсті.

Жалпы, қазақтың мысы басып кеткені анық байқалды. Халықтың сенімі ерекше болды. Қарсыласым атыман жөңіліп тұрғанын сезіп қойдым. Қазір бірінші кезекте атымыз, сонан соң өзіміз күресеміз. Ол менің атыммен арпалысып жүргенде, мен өзімнен қорқамын деп.

– Құрамадағы өзге дзюдошылардың өнеріне қалай баға бересіз?



– Олардың өнеріне баға беретіндей, не жетіп, не жетпегенін сараптайтындай бапкерлік тәжірибем жоқ. Бұл – жаттықтырушыға қойылатын сұрақ. Бір ортада, құрамада жүріп, сыртқа шығып алып сынау дұрыс емес. Бірге жаттығамыз, олар сол жаттығуды менен артық жасамаса, кем жасамайды. Уақыт керек, тәжірибе керек. Себебі көбісі жас, 2000-2002 жылғы балалар ғой. Дзюдода татамиге шыға салып жұлдызың жарқырап кетеді деген дүние жоқ. Бұл спортта тек тәжірибе керек.

Кейде жауапкершілікті тым көп алып қояды, бұл кезеңнен мен де өткенмін. Жастар арасында топ жарып, «енді ересектер арасында да атой салуым керек, бәрі маған ғана қарап отыр» деп мойнымызға ауыр жүкті өзіміз артып аламыз да, соның қысымымен жүресу қиын болып кетеді. Әйтпесе біздің балалардың қай-қайсысы да алыспай

беріспейді, арасында әлсізі жоқ. 60 келідегі Мағжан Шамшадин да оңай шағылар жаңғақ емес. Менен кейінгі шыққан екінші әлем чемпионы. Гран Сламда да үздіктер қатарынан көрініп, рейтингте да жоғары тұр. Әлі-ақ мықтылығын дәлелдейді.

– 60 келіге қайта оралдыңыз. 66 келі ыңғайсыз болды ма?

– Токиодан соң 66 келіге ауысу туралы ой болды. Себебі салмағым 65, тіпті 70 келіге дейін өсіп кетті. Бірақ қалпыма келе бастағанда салмағым 64 келіге түсіп кетті. Ал 64 келімен 66-да істейтін ештеңе жоқ. Себебі олар 73 келіден қуып келеді. Олардың алдымен салмағымен, сосын өзімен арпалысасың. Сонда да 64 келіде жүріп-ақ 66-да күресе беремін дегенмін. Бірақ бапкерім Ғалымжан Жылгелдиев салмағымның кішкентай екенін алға тартып 60-қа оралуды ұсынды.

Оның үстіне 60 мен үшін бөтен салмақ емес. Міне, 12 жыл бойы осы салмақта күресіп келемін. 60-қа оралғанда құдды өз ыдысымнан тамақ ішкендей болдым, 66-да бөтеннің ыдысына қол салғандай сезінгенмін. Дәмін де сезініп көрмедім. Жасым болса 30-ға келді. 66-да тұрақтау үшін тағы бір-екі жыл уақыт керек, сонан соң біртіндеп нәтиже көрсетуге ұмтыласың. Ал екі жылды бостан бос кетіре алмаймын. Олимпиадаға іліге алмасам, 2028 жылға ұмтылу керек, ол кезде жасым 36-ға толады. Сондықтан Парижде күрестің нүктесін әдемілеп тұрып қойып, елімізге алтын медальмен оралсақ деген арман-мақсатымыз бар. Сол жолда еңбек етіп жатырмыз.

– Арманыңызға жетіңіз, біз де тілекшіміз!

Өңгімелескен Мәдина АСЫЛБЕК

ҮЛКЕН ДУЛЫҒАДАН ҚОС ҚОЛА МЕДАЛЬ



21 қазанда Абиба вьетнамдық Тинь Тхи Хоанг пен румын Александра Попты ұтқан. Алайда ол ширек финалда А тобында көшбасшы атанған испан Джулия Фигероаға есе жіберді. Ал жұбаныш белдесуінде серб Милица Николичтен басым түсті.

Айта кетейік, Абиба Әбужақынова екі апта бұрын Ташкенттегі әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған. Ол – қазақ қыздары арасында ӨЧ-да жүлде алған тұңғыш дзюдошы.

Сондай-ақ Әбужақынова тамызда Астанада өткен Азия чемпионатының финалына дейін жетіп, жапон Вакана Когаға есе жіберді.

Ал 52 келіге дейінгі салмақта күш сынасқан Ұлттық құрама өкілі Толғанай Әбеуова әзербайжандық Гүлтай Мамедалиевадан айласын асырғанымен, 29 жастағы швейцариялық Фабьен Кочерден жеңіліп қалды.

Ал екінші қола медальді Есет Қуанов алып берді. Ол 66 келіге дейінгі салмақта Алжирден келген Ваил Эззиннен айласын асырды.

ҚАЙТА САЙЛАНДЫ

ҚР ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ 2023-2026 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНЕ ҰОҚҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫНА ҚАЙТА САЙЛАНДЫ.

Кандидатураны Азия Олимпиадалық кеңесі (АОК) континентінің өкілі ретінде ұсынды, деп хабарлайды ҚР ҰОҚ баспасөз қызметі.

Тимур Құлыбаев 2015 жылдан бері Азия Олимпиадалық кеңесі-құрлықтық қауымдастығының вице-президенті.

Айта кетейік, Тимур Құлыбаев спорт арқылы қоғаммен байланыс және әлеуметтік даму жөніндегі Халықаралық Олимпиада комитеті комиссиясының қазіргі мүшесі.

2022 жылдың қыркүйегінде ХОК президенті Томас Бах Тимур Құлыбаевты БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің маңызды факторы ретінде спорттың рөлін күшейту жөніндегі іс-шаралармен айналысатын «Олимпизм 365» ХОК комиссиясына тағайындады. ҰОҚҚ-тың Атқарушы комитеті ҰОҚҚ-тың басқарушы органы болып табылады, оның құрамына ҰОҚ-нің



32 өкілі, ҰОҚҚ Президенті, ҰОҚҚ-нің аға вице-президенті, ұйымның Бас хатшысы және төрт жыл мерзімге сайланған Дүниежүзілік Олимпиадалық қозғалыстың ең белсенді қайраткерлері кіреді.

АЙҚАС 5 ҚАРАШАДА ӨТЕДІ

UNIVERSUM BOXING ПРОМОУТЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ АУЫР САЛМАҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ ЖАН КОСОБУЦКИЙ (18-0, 17 KO) МЕН ГЕРМАНИЯ ӨКІЛІ ХУСЕЙН МҰХАМЕД (17-0, 14 KO) АРАСЫНДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК УАҚЫТЫН РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАДЫ.

Айқас 5 қарашада Германияның Оберхаузен қаласында өтеді.

«Жан Кособуцкий өзіне тиесілі WBC International титулын қорғайды. Бұл Кличкодан кейінгі Германияда өтетін ауыр салмақтағы ең ірі жекпе-жек», делін-

ген промоушеннің Instagram-дағы парақшасында.

Жан Кособуцкий бұған дейінгі соңғы жекпе-жегін мамырдың 21-інен 22-сіне қараған түні Гамбургте (Германия) өткізіп, француз Жоан Дюопаны (39-7, 26 KO) жеңген еді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА

ЗАМАНАУИ ШАҒҒЫ ЖӘНЕ БИАТЛОН КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ



← 1

– Қант қызылшасын өсіретін алқаптар азайып кетті. Соның кесірінен импортқа тәуелділік арта түсті. Зауытты іске қосуға 2017 жылдан бастап жергілікті бюджеттен 12 миллиард теңге жұмсалды. Биыл жазда қант бірден қымбаттап, оның тапшылығы туындады. Оның бәрі құзырлы органдардың салғырттығы мен бейқамдығының кесірінен болды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бос тұрған зауытты тезірек толық іске қосуды, қажет болса, басқа инвесторлар тартуды қарастыру керек екеніне назар аударды. Сонымен қатар облыстағы екі қант зауытының қуатын 100 пайызға жеткізіп, 2026 жылға қарай өндірілетін қант көлемін 180 мың тоннаға арттыру қажет екенін айтты. Сондай-ақ облыстың көкөніс пен бау-бақша өсіру ісінде зор әлеуеті бар екенін, осы орайда заманауи қоймалар салу мәселесін шешу қажет екенін атап өтті.

Бұдан кейін Президент өнеркәсіпті дамыту және кәсіпкерлікті қолдау салаларына тоқталды. Өндірідегі өнеркәсіп саласының өсу динамикасын оң бағалап, жыл басынан бері 23 нысан пайдалануға берілгенін айтты.

– Бірнеше жылдан бері тоқтап тұрған жоғары сапалы кремний өндіретін Kazsilicon зауытының жаңғыртылып, іске қосылуын және темірді тікелей тотықсыздандыратын «Электромарганец» зауытының құрылысын ерекше атап өткім келеді. Екеуі де еліміз үшін маңызды кәсіпорын. Олар металлургия саласындағы озық технологияларды әзірлеу және тарату алаңына айналуы керек. Сондай-ақ облыста 2026 жылға дейінгі инвестициялық портфель жасалған. Онда 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылатын 162 жоба қамтылған. Жоспардан үлкен үміт күтеміз. Енді жобалардың жүзеге асырылуы қалай болатынын көреміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін өңдеу өнеркәсібіне жаңа инвесторларды белсендірек тарту қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар өндірідегі аккумулятор зауыты перспективасы зор іргелі кәсіпорынның бірі екенін айтты.

– Осы кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуі шикізаттың көлемі мен оның тұрақты жеткізілуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ өнеркәсіптік аккумулятор шығаратын зауыт іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бұл кәсіпорындарды қажетті көлемде шикізатпен қамтамасыз ету үшін елден қорғасын сынықтарын шығаруға толық тыйым салу қажет, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы мол транзиттік мүмкіндікті ескере отырып, аймаққа халықаралық көлік-логистикалық компанияларды тарту маңызды деп есептейді. Бұл үшін елімізде құрғақ порт, логистикалық және индустриялық аймақтарды қамтитын «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы бар екенін еске салды.

– Достық стансасында жылына 9 миллион тонна жүк пен 300 мың контейнер қабылдап, жөнелте алатын терминал салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Hubei Kelison индустриялық паркін салу жөнінде Қытаймен бірлескен жобаны жүзеге асыруға қатысты мәселелерді шешу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шағын және орта бизнестің экономикалық дамудың қарқыны мен өнімді жұмыспен қамту деңгейін айқындайтын жетекші сектор екеніне тоқталып, мемлекет бұл салаға одан әрі қолдау көрсететінін жеткізді. Сондай-ақ экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі цифрлық технологияға тоқталып, Астана мен Алматыда қуатты IT кластерлер қалыптасып келе жатқанын айтты. Оның айтуынша, Жетісу облысының да IT секторындағы әлеуеті зор. Бұл аймаққа да білікті мамандарды тартуға болады. Ол үшін, ең алдымен, қажетті инфрақұрылымды дамытқан жөн.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын

жаңғырту мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, Жетісу халқының 90 пайызы орталықтан-дырылған сумен қамтамасыз етілген. Алайда су құбыры желілерінің едәуір бөлігі әбден тозып, 1,2 мың шақырым құбыр желісі күрделі жөндеуді қажет етеді. Сондықтан өндірідегі құбыр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту әкімдіктің басты міндеттерінің бірі ретінде айтылды.

– Тағы бір маңызды мәселе. Бұл – ауыз судың сапалы болуын қамтамасыз ету. Мысалы, Текеліде жылдар бойы жалғасып келе жатқан түйткілді бәріңіз жақсы білесіздер. Қала тұрғындары таза ауыз суы сусыз отыр. Бұл мәселені ұзаққа созбай шешу керек. Облыс және қала әкімдері аталған тапсырманың орындалуына тікелей жауапты. Үкімет республика бюджетінен алдағы жылы қаржы бөлу мәселесін қарастыруға тиіс, – деді Президент.

Көгілдір отын облыс тұрғындарының 10 пайызына ғана қолжетімді екенін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар елді мекенді газбен қамтуды тапсырды.

– «Алматы – Талдықорған» магистралды газ құбыры салынып, облыс орталығына газ толық берілді. 2025 жылға қарай Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласының маңына дейін, барлық елді мекенді газбен толық қамтамасыз етуді тапсырамын. Сонымен қатар, «Талдықорған – Үшарал» бағытында газ құбырын тарту керек. Бұл 180 мың адам тұратын Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарына газ жеткізуге мүмкіндік береді. Үкіметке осы жобаны кезең-кезеңімен қаржыландыруды тапсырамын. Жетісу облысын газбен қамтамасыз ету жұмысын тездету керек. Сонымен бірге газ желісіне қосылу құны азаматтар үшін тым қымбатқа түспеуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстағы жол мәселесіне де арнайы тоқталды. Оның айтуынша,



«Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» және «Үшарал – Достық» тас жолдары салынып жатыр. Құзырлы органдарға жұмыс барысын қатаң бақылауға алып, келесі жылы толық пайдалануға беру тапсырылды.

– Кербұлақ және Панфилов аудандары арқылы өтетін республикалық күре жолды жөндеу мәселесі де өзекті болып тұр. Бұл – өте маңызды жол. Сондықтан Үкімет пен әкімдікке ондағы күрделі жөндеу жұмысын келесі жылы аяқтауды тапсырамын. Қажетті қаражатты шұғыл қарастыру керек. Жолды сапасыз салуға болмайды және құрылыс созылып кетпеуге тиіс. Бұл жергілікті жұрттың тұрмысы мен көлік қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Облыстағы республикалық маңызы бар күре жолдарда болған жол апаттарынан 9 айда 61 адам қайтыс болды. Бұл – жантүршігерлік көрсеткіш. Елімізде жол апаттары, оның ішінде

адам өліміне әкеп соқтырған оқиғалар көбейіп барады. Бұған еш жол беруге болмайды. Адам өліміне әкеп соқтырған әрбір жол апатын төтенше жағдай ретінде қарастыру қажет. Адам өмірі – біздің басты байлығымыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы әлеуметтік инфрақұрылымдар мәселесіне де арнайы тоқталды. Оның айтуынша, облыста апатты жағдайдағы мектептер мен үш ауысымда оқытатын мектептер жок. Бірақ босануға болмайды. Мектеп мәселесі әкімдіктің ерекше назарында болуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін Қазақстанда әлемнің жетекші бес техникалық университетінің филиалдарын ашу туралы бастама көтергенін еске салып, өзінің тапсырмасымен Үкімет облыс әкімдігімен бірлесіп Талдықорған қаласында шетелдік ірі технологиялық университеттің филиалын ашу мәселесін пысықтап жатқанын айтып өтті.

– Облыстың ерекшелігін ескере отырып, аталған университет ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, туризм және цифрлық технологиялар саласы бойынша мамандар даярлайды. Бұл өңірден жастардың кетуін азайтып, жергілікті экономиканы жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

Жиында биыл облыстың алты ауданындағы шалғай орналасқан шағын елді мекендерде медициналық пункттерге арналған 12 модульдік кешен салынағыны туралы айтылды. Ал 2024 жылға дейін тағы 40 ауылда осындай нысан бой көтереді. Сонымен қатар өндірідегі бірқатар денсаулық сақтау орнына күрделі жөндеу жүргізіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу облысының әкімдігі туризм саласын дамытуға айрықша мән беруі керек екенін айтты.

– Алакөл мен Балқаштың орасан зор әлеуеті бар. «Алтынмөл» және «Жонғар Алатауы» ұлттық паркі – экологиялық туризмді дамыту үшін

екеніне тоқталды. Сондай-ақ уәкілетті органдар Қытаймен бірлесіп, трансшекаралық Іле өзеніне судың жіберілуін бақылауға алуы қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы бүгінде әлем аумағы-төкпелі геосаяси жағдайға және бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңіне қадам басқанын айтты. Президент қақтығыстар мен соғыстар көбейіп, елдер арасындағы сенімсіздік күшейе түскенін атап өтті. Сондай-ақ осындай күрделі жағдайда халқымыздың бірлігі, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау ерекше маңызға ие екенін жеткізді. Бұған Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосып келеді. Реформалар кезінде ұлттық диалогтің әмбебап алаңы ретінде танылған Ұлттық құрылтайдың маңызды рөлі туралы да сөз қозғалды. Бұл институттың қызметі билік пен қоғам арасындағы ынтымақтастық негізінде халқымыздың бірлігін нығайтуға мүмкіндік береді.

– Мұндай жағдайда әр азамат өзінің сөзі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілікті сезінуі керек. Бұл, ең алдымен, қоғамда белгілі тұлғаларға, саясаткерлерге, журналистерге, блогерлерге қатысты. Ағат айтылған сөздер мен орынысыз мәлімдемелердің салдары ауыр болуы мүмкін. Қазақ «Айтылған сөз – атылған оқпен тең» деп бекер айтпаған. Пікірлердің плюрализмін сақтай отырып, біз радикализмнің, экстремизмнің және сепаратизмнің кез келген көріністеріне жол бермеуіміз керек. Біздің қоғамға іріткі салу әрекеттеріне заң аясында қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп бірінші орында тұруы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде саяси реформалардың жүргізіліп жатқанын айтып, оның мән-мағынасын түсіндірді.

– Шын мәнінде, әділдік болмаса, ешбір сала дамымайды. Халқымыз «Әділ істің – бәрі игі» деп бекер айтпаған. Құзырлы органдар, лауазымды тұлғалар шешім қабылдағанда осыны әрдайым есте ұстауға тиіс. Әділетсіз шығарылған шешім биліктің беделін түсіреді. Қоғамға іріткі салып, халықтың наразылығын тудырады. Сондықтан ешқашан әділдіктен аттауға болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жарлығымен өңірдің бірқатар азаматын мемлекеттік наградалармен марапаттады. «Жетісу» әуе компаниясының президенті Қалмұхамет Дөңсебаев пен еңбек ардагері Әуесхан Мажай «Парасат» орденімен, еңбек ардагері Әміре Әрінов «Кұрмет» орденімен, «Жазылбеков және К» шаруа қожалығының шопаны Ардақ Бекчойнов III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. Ал «Ерен еңбегі үшін» медалі «Есімжанов» шаруа қожалығының төрағасы Мұхит Есімжановқа, «Шапағат» медалі Безродных атындағы орта мектептің мұғалімі Светлана Минченкова табыс етілді.

Мемлекет басшысы Талдықорған қаласында биыл маусым айында ашылған «Айсұлу» Жетісу тігін фабрикасы» ЖШС жұмысымен танысты. Фабрика халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарды көптеп жұмысқа алған. Атап айтқанда, 26 көпбалалы ана, 36 жалғыз-ілікті ана, 11 мүмкіндігі шектеулі азамат қызмет етеді.

Фабрика басшысы Президентке өндіріс орнында қауіпсіз еңбек жағдайлары жасалғанын және қызметкерлерге үш мезгіл тегін тамақ берілетінін, жұмысшыларды тасымалдау үшін тиісті көлік қарастырылғанын баяндады.

Заманауи тігін жабдықтарына ие кәсіпорын бүгінде бір рет қолданылатын медициналық бұйымдар (бетперде, халат, комбинезон) және арнаулы киім формаларын тигеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев фабриканың өңірде шағын және орта бизнесті дамытуға үлгі болатынын айтты. Президент фабриканың жұмысын жоғары бағалап, өңірде шағын және орта бизнесті дамытуға үлес қоса беруіне тілектестік білдірді.

Асылжан БЕКТАЙ,

АУЫР АТЛЕТИКАДАН 2022 ЖЫЛҒЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ:

ИЛЬИН МЕН ӨТЕШОВКЕ ЕЛІКТЕП ӨСТІК



КҮНІ КЕШЕ БАХРЕЙН ЕЛІНДЕ АУЫР АТЛЕТИКАДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛҒАН БОЛАТЫН. ОСЫ СЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ САПЫНАН АЛТЫН АЛЫП, ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН СПОРТШЫНЫҢ БІРІ – АСЫЛЖАН БЕКТАЙ. ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӨРЕН 89 КЕЛІГЕ ДЕЙІН САЛМАҚТА ТОП ЖАРДЫ. ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН СПОРТШЫМЕН «ҚАЗАҚ СПОРТЫ» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП СҰХБАТТАСТЫ.

– Асылжан, жеңіс құтты болсын! Жарыс қалай өтті? Елге қашан оралдыңдар?

– Құттықтауыңызға рахмет! Азия чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастырушылар жақсы дайындалған екен. Өзім олимпиадалық салмақта (89 келіге дейін) қатыстым. Біздің құрама екі бөлініп келді. Жарыстың алғашқы күндерінде өнер көрсеткендер бірінші болып елге қайтса, біз екінші топпен 14 қазан күні келдік.

– Бұл сенің ересектер арасындағы алғашқы халықаралық жарысың ба?

– Бұған дейін тамыз айында Түркияның Конья қаласында өткен Ислам ойындарына қатысқанмын. Анадолы елінде үздік үштіктен көрінгенмін. Жұлқа көтеруден 162 келі көтеріп, екінші орынға тұрақтасам, серпе көтеруде 191 келімен қола жүлде бұйырды. Қоссайыстағы нәтиже – 353 келі.

Осы жолы Бахрейнде көрсеткішімді жақсартта түстім. Алғашқы жаттығуда 165, екіншісінде 197 келіні еңсердім. Сөйтіп 362 келімен чемпион атандым. Ислам ойындарымен салыстырғанда қоссайыстың қорытындысы бойынша 9 келіге жоғары көтердім. Нәтижеме көңілім толады. Ойға алған жоспарым орындалды.

– Бахрейнде басты қарсыласың кім болды?

– Өзбекстанның Сарварбек Зафаржонов есімді спортшысы бар. Былтыр өз елінде өткен әлем чемпионатында екінші орын алған. Ислам ойындарында топ жарған. Бұл жолы ол жүлдеден тыс қалды. Азия чемпионатына барғандардың арасында ең атақтысы осы жігіт.

– Әзірге салмақ ауыстыру ойда жоқ па?

– Бұл олимпиадалық салмақ. Осы салмақта қаламын. Салмақ қуу жағынан проблема жоқ.

– Биылғы маусым осымен аяқталды ма? Әлде жарыстарға қатысасың ба?

– Желтоқсан айында Колумбия астанасы Богота қаласында жылдың басты додасы әлем біріншілігі өтеді. Қазір сол додаға қызу дайындықты бастап кеттік. Маусымды әлем чемпионатынан кейін аяқтаймыз.

– Дүние жүзінің мықтылары келетін додаға 89 келіде Қазақстаннан өзін барсың ба? Әлде әлі белгісіз бе?

– Алда ішкі іріктеулер болады. Дегенмен өз салмағымда мен фаворитпін.

– Колумбияда жүлде әкелуге мүмкіндік

– Алғаш жаттығу залына досым ертіп апарған. Сосын сол жердегі балаларды көріп қызығушылығым артты. Біз Илья Ильин, Алмас Өтешовтерге еліктеп өстік. Солар секілді чемпион болуды қаладық. Үш ай тұрақты қатысып, жарысқа апарды. Бірден екінші орын алып, ауыр атлетикада жетістікке жетуге деген ынтам артты.

бар ма? Қарсыластарыңның көрсеткіштерін қарап көрдің бе?

– Әлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген атлеттердің нәтижелерін білемін. Әзірге менің көрсеткішім жүлдеге жетпейді. Бірақ ондықта бармын. Қазір Шымкент қаласында оқу-жаттығу жиыны жүріп жатыр.

– Бапкерлерің туралы айтып өтсең?

– Алғашқы бапкерім – туған жерім Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы Қалдыбай Тоқбаев. Ол кісі спорт саласының ардагері. Біраз мықтылардың томағасын сыпырды. Қазір екінші жаттықтырушым бар. Есімі – Даниель Есмағамбетов.

– Отбасында неше ағайындысыңдар?

– Өзім Шиеліде дүниеге келгенмін.

Отбасымызда үш ағайындымыз. Екі ағам бар. Жалпы, әке-шешемді қосқанда бес адамбыз.

– Қай жерде білім алып жүрсің?

– Алматыдағы Спорт және туризм академиясының төртінші курс студентімін. Биыл бітіремін.

– Спортқа не жасыңда келдің?

– Алғашында ауылда футбол ойнайтынмын. Сосын 2012 жылы ауыр атлетикаға келдім. Спорттағы жолым сол Шиеліде басталды. Кейіннен Алматыдағы Республикалық спорт мектеп-интернатына түстім. Алдымен мектебінде екі жыл, кейін колледжінде үш жыл оқыдым.

– Республикалық спорт мектеп-интернат-колледждің айналысында биыл дау көп болды. Мектебі жабылып, тек колледжі

қалды. Шенеуіңдер нәтиже төмендеп кетті дегенді алға тартады...

– Менің бітіріп кеткеніме төрт жыл болды. Өзім оқыған тұста республикада алдыңғы қатарда жүретінбіз. Көрсеткішітеріміз өте жақсы болды. Бапкерлердің де, оқушылардың да арасында мықтылар жетерлік. Сол жерден үйренгеніміздің арқасында ұлттық құрама деңгейіне дейін жетіп отырмыз. Оның орналасқан жері де қолайлы – орталықта. Төсек-орны жеткілікті, тамақтары уақтылы берілетін. Оқу жағынан да біздің балалар алда жүретін.

– Осыған дейін басқа қандай жетістіктерге жеттің?

– Бұған дейін төрт халықаралық жарысқа қатыстым. Үш Азия, бір әлем біріншілігі. 2017 жылы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты мен Азия біріншілігінен қола жүлде алғанмын.

– Ауыр атлетикадағы ең өзекті мәселенің бірі – допинг. Спортшыларымыз жиі ілігеді. Өзің осы жағына қаншалықты мән бересің?

